**СИЛЛАБУС**

**2023-2024 оқу жылының күзгі семестрі**

**«6В02206 – Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» білім беру бағдарламасы**

| Пәннің ID және атауы | Білім алушының өзіндік жұмысын (БӨЖ) | Кредиттер саны | | | Кредит-тердің жалпы саны | Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (ОБӨЖ) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Дәрістер (Д) | Семинар сабақтар (СС) | Зерт. сабақтар (ЗС) | | |
| 76225 Сәндік қолданбалы өнер | БӨЖ саны 5 | 15 | 30 | - | 5 | *ОБӨЖ* саны 5 |

**ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ**

| Оқыту түрі | Циклы, компоненті | Дәріс түрлері | Семинар сабақтарының түрлері | Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы |
|---|---|---|---|---|
| *Оффлайн* | Б ЖООК | Проблемалық, диалогтық дәрістер | Семинар-әңгімелесу. Семинар-диспут. Ситуациялық талдау | Оффлайн-стандартты, жазбаша |
| **Дәріскер (лер)** | Терекбаева Жазира Махмудовна<br>PHD, аға оқытушы | | | |
| **e-mail:** | terekbaevazhaz@gmail.com | | | |
| **Телефоны:** | 377 33 38; 12-81 | | | |
| **Ассистент (тер)** | | | | |
| **e-mail:** | | | | |
| **Телефоны:** | | | | |

**ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ**

| Пәннің мақсаты | **Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)***<br>Білім алушының пәнді оқу нәтижесінде қол жеткізетін қабілеттерін жазып көрсетіңіз: | **ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)**<br>(ОН 2-ден кем болмау) |
|---|---|---|
| Пәннің мақсаты студенттердің музейтану және музейлерді жіктеу саласындағы негізгі ұғымдары туралы білімдерін, музейдегі ғылыми жұмыс типтері мен негізгі түрлерін, құрылымын, музейлік экспозицияларды құру ерекшеліктерін және мазмұнын, музейлердің қызметіндегі мәдени-білім берудің мәні мен ерекшелігін қалыптастыру болып табылады. | 1. Қазақ халқының қолөнерінің пайда болу тарихын сипаттау | 1.1 Әлем халықтары қолөнерінің пайда болу мен дамуына қатысты мәдени мұра мәселелерін анықтай алу; |
| | | 1.2 Зерттеу методологиясын, ғылыми ілім ерекшелігін талдау. |
| | 2. Халық тұрмысындағы мәдениетінің ерекшеліктерін талдай білуде қазіргі ғылыми білім контекстіндегі парадигмаларды қолдана білу; | 2.1 Сәндік-қолданбалы өнерге қатысты ғылыми білім мен методологиялық зертеулерді пайдалану; |
| | | 2.2 Пәннің әдістемелік проблемаларын сараптау, отандық және шетелдік зерттеушілердің жұмыстарын талдау. |
| | 3. Сәндік-қолданбалы өнер түрлерін талдау; | 3.1 Қолданбалы өнердің практикалық мазмұнын саралау. |
| | | 3.2 Қазақтың тұрмыс-тіршілігіндегі орнына талдау жасау, қазіргі өмірдегі маңызымен салыстыру. |
| | 4. Сәндік-қолданбалы өнердің қазіргі таңдағы орнына баға беру; | 4.1 Тапсырмаларды орындау барысында топпен жұмыс жасауды ұйымдастыру. |
| | | 4.2 Коммуникативті қабілетті дамыту, практикалық маңызын жетілдіруге жаңа идеялар ұсыну. |
| | 5. Ұмыт болған тарихи дәстүрлерімізді қайта жаңғырту. | 5.1 Орындалған тапсырмаларға объективті баға беру. |
| | | 5.2 Топтағы көшбасшылық қасиетті қабылдай білуге дайын болу, кәсіби дамудың жаңа бағыттарын болжау. |

| | |
|---|---|
| **Пререквизиттер** | «Этнологияға кіріспе», «Қазақ халқының материалдық мәдениеті», «Қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы» |
| **Постреквизиттер** | «Қазақ халқының рухани мәдениеті», «Қазақстандағы этникалық топтар» |
| **Оқу ресурстары** | **Әдебиет:** негізгі, қосымша.<br>1. Райымхан К.Н. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері: Оқу құралы, А.,2010.<br>2. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. А., 1987.<br>3. Ибраева К. Казахский орнамент. А., 1994. |

| | |
|---|---|
| | 4. Қасиманов С. Қазақ халкының қолөнері. Алматы, 1995.<br>5.Тохтабаева Ш.Ж. Казахское народное прикладное искусство //История исследований культуры Казахстана. А., 1997.<br>6. Тохтабаева Н.Ж.Серебрянный путь казахских мастеров. А.,2005.<br>7. Шаханова Н.Ж. Мир традиционной культуры казахов. – А., 1998.<br>8. Раимханова К.Н., Мекебаева А.А. Народные промыслы и ремесла казахов. А, 2003.<br>**Интернет-ресурстар:**<br>1.http://elibrary.kaznu.kz/ru |

| | |
|---|---|
| **Пәннің академиялық саясаты** | Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен айқындалады.<br>Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді.<br>**Ғылым мен білімнің интеграциясы.** Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді.<br>**Сабаққа қатысуы.** Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.<br>**Академиялық адалдық.** Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі.<br>**Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері.** Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Әртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді.<br>Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон/e-mail terekbaevazhaz@gmail.com немесе MS Teams-тегі бейне байланыс арқылы *https://teams.microsoft.com/l/meetup-join/19%3ameeting_MTRlMzUwYmYtYjU2ZS00ZDMwLWFlYjctYWEwZmI0NzFkNDE2%40thread.v2/0?context=%7b%22Tid%22%3a%22b0ab71a5-75b1-4d65-81f7-f479b4978d7b%22%2c%22Oid%22%3a%22b442ec54-671f-449a-af3f-a95d628cedad%22%7d* кеңестік көмек ала алады.<br>**МООС интеграциясы (massive openlline course). МООС**-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар **МООС**-қа тіркелуі қажет. **МООС** модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек.<br>**Назар салыңыз!** Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ **МООС**-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі. |

**БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ**

**Оқу жетістіктерін есептеудің балльдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі**

| Баға | Балльдардың сандық баламасы | % мәндегі балльдар | Дәстүрлі жүйедегі баға |
|---|---|---|---|
| А | 4,0 | 95-100 | Өте жақсы |
| А- | 3,67 | 90-94 | |

**Бағалау әдістері**

**Критериалды бағалау** – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген.
**Формативті бағалау** – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| B+ | 3,33 | 85-89 | Жақсы | табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады.<br>**Жиынтық бағалау** – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады. | |
| B | 3,0 | 80-84 | | **Формативті және жиынтық бағалау** | **% мәндегі баллдар** |
| B- | 2,67 | 75-79 | | Дәрістердегі белсенділік | 5 |
| C+ | 2,33 | 70-74 | | Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі | 15 |
| C | 2,0 | 65-69 | Қанағаттанарлық | Өзіндік жұмысы | 40 |
| C- | 1,67 | 60-64 | | | |
| D+ | 1,33 | 55-59 | Қанағаттанарлықсыз | Қорытынды бақылау (емтихан) | 40 |
| D | 1,0 | 50-54 | | | |
| FX | 0,5 | 25-49 | Қанағаттанарлықсыз | ЖИЫНТЫҒЫ | 100 |
| F | 0 | 0-24 | | | |

**Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.**

| Аптасы | Тақырып атауы. Жалпы ұғымдар және ғылым тарихы | Сағат саны | Макс. балл |
|---|---|---|---|
| | **МОДУЛЬ 1.** | | |
| 1 | **Д 1.** Кіріспе. Қазақ халқының қолөнер кәсібі және оның түрлері | 1 | 2 |
| | **СС 1.** Қазақ халқының қолөнер бұйымдарының зерттелуі | 2 | 7 |
| 2 | **Д 2.** Қазақ халқының ою-өрнектерінің семантикасы | 1 | 2 |
| | **СС 2.** Ою-өрнектердің пайда болу теориясы жөнінде | 2 | 7 |
| | **ЗС 2.** Ою-өрнектерге қатысты еңбектерді талдау | | |
| | **ОБӨЖ 1. БӨЗ 1** орындау бойынша кеңес беру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерін зерттеуге үлес қосқан ғалымдар еңбектеріне ғылыми талдау | | |
| 3 | **Д 3.** Қазақ халқындағы дәстүрлі киіз басу өнері | 1 | 2 |
| | **СС 3.** Киіз басу тәсілдері және киізден жасалатын бұйымдардың түрлері | 2 | 7 |
| | **БӨЗ 1.** Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерін зерттеуге үлес қосқан ғалымдар еңбектеріне ғылыми талдау | | 18 |
| 4 | **Д 4.** Тоқымашылық және кілем тоқу өнері | 1 | 2 |
| | **СС 4.** Тоқымашылық және кілем тоқу өнері аймақтық ерекшеліктері (түркі халықтарымен салыстыру) | 2 | 7 |
| 5 | **Д 5.** Терме тоқу және кесте өнерінің жасалу жолдары | 1 | 2 |
| | **СС 5.** Кестелеп тігу өнернің түрлері, көркемдеп тігу әдісі | 2 | 7 |
| | **МОДУЛЬ 2.** | | |
| 6 | **Д 6.** Қазақ халқындағы металлдардың қолданысы және әшекей, зергерлік бұйымдардың жасалу жолдары | 1 | 2 |
| | **СС 6.** Зергерлік және ұсталық өнерінен жасалынған бұйымдардың түрлері, әдістері | 2 | 7 |
| | **ОБӨЖ 2. БӨЗ 2** орындау бойынша кеңес беру. Қазақ халқының ою-өрнегінің мазмұны, түрлері | | |
| 7 | **Д 7.** Ағаш ою және ершілік өнері | 1 | 2 |
| | **СС 7.** Ершілік өнері мен ат әбзелдерінің түрлері | 2 | 7 |
| | **БӨЗ 2.** Қазақ халқының ою-өрнегінің мазмұны, түрлері | | 19 |
| **Аралық бақылау 1** | | | **100** |
| 8 | **Д 8.** Қазақ халқының дәстүрлі музыкалық аспаптары | 1 | 2 |
| | **СС 8.** Қазақ халқының музыкалық аспаптарының жасалу техникасы | 2 | 6 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **ОБӨЖ 3. БӨЗ 3** орындау бойынша кеңес беру. Киіз үйдің шығуы туралы гипотезалар және киіз үйге байланысты әдет-ғұрыптарды талдау | | |
| 9 | **Д 9.** Тері өңдеу өнері | 1 | 2 |
| | **СС 9.** Түркі халықтарындағы тері өңдеу өнерінің әдіс-тәсілдерін саралаңыз | 2 | 6 |
| | **ЗС 9.** Х. Арғынбаевтың «Қазақ халқының қолөнері» атты еңбегіне талдау жасау. | | |
| | **БӨЗ 3.** Киіз үйдің шығуы туралы гипотезалар және киіз үйге байланысты әдет-ғұрыптарды талдау | | 12 |
| 10 | **Д 10.** Қазақ халқының тұрмысындағы ши орау және қайыс өру өнері | 1 | 2 |
| | **СС 10.** Ши орау және қайыс өру өнерінің жасалу технологиялары, қолданысы | 2 | 6 |
| | **ОБӨЖ 4. БӨЗ 4** орындау бойынша кеңес беру. Қол өнерге байланысты ескі атаулардың түсіндірме сөздігін жасау | | |
| | **МОДУЛЬ 3.** | | |
| 11 | **Д 11.** Сәулет және тас ою өнерінің тарихы | 1 | 2 |
| | **СС 11.** Қазақстандағы сәулет өнерінің даму тарихы. Атақты сәулет ескерткіштері | 2 | 6 |
| 12 | **Д 12.** Қазақ халқындағы құрақ құрау өнері, оның маңызы бұйымдары | 1 | 2 |
| | **СС 12.** Құрақ бұйымдары, құрақ құраудың түрлері | 2 | 6 |
| | **БӨЗ 4.** Қол өнерге байланысты ескі атаулардың түсіндірме сөздігін жасау | | 12 |
| 13 | **Д 13.** Тігіс тігу өнері. Тігіс түрлері | 1 | 2 |
| | **СС 13.** Қазақ халқының ұлттық киімдері | 2 | 6 |
| | **ОБӨЖ 5. БӨЗ 5** орындау бойынша кеңес беру. Орта Азия халықтарының ұлттық киімдері | | |
| 14 | **Д 14.** Қазақ халқының сүйек жону өнері | 1 | 2 |
| | **СС 14.** Сүйек жону әдістері мен тәсілдері | 2 | 6 |
| | **БӨЗ 5.** Орта Азия халықтарының ұлттық киімдері (презентация) | | 12 |
| **15** | **Д 15.** Қол өнерге байланысты наным-сенімдер | 1 | 2 |
| | **СС 15.** Қолөнерге байланысты наным-сенімдерді саралау | 2 | 6 |
| | **ЗС 15.** Тохтабаева Шайзада Жаппаровна «Серебрянный путь казахских мастеров» атты еңбегін талдау | | |
| **Аралық бақылау 2** | | | **100** |
| **Қорытынды бақылау (емтихан)** | | | **100** |
| **Пән үшін жиынтығы** | | | **100** |

## ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ
## ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

**«Сәндік қолданбалы өнер» жазбаша тапсырмасы (АБ 100%-нің 25%)**

| **Критерий** | **«Өте жақсы»** 20-25 % | **«Жақсы»** 15-20% | **«Қанағаттанарлық»** 10-15% | **«Қанағаттанарлықсыз»** 0-10% |
|---|---|---|---|---|
| **Сәндік қолданбалы өнердің теориялары мен тұжырымдамаларын түсінуі** | Сәндік қолданбалы өнер туралы теорияларды, тұжырымдамаларды терең түсіну. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) беріледі. | Сәндік қолданбалы өнердің теориялары мен тұжырымдамаларын түсінуі. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) беріледі. | Сәндік қолданбалы өнер туралы теориялар мен тұжырымдамаларды шектеулі түсіну. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) беріледі. | Сәндік қолданбалы өнер туралы теорияларды, тұжырымдамаларды үстірт түсіну/ түсінбеушілік. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) берілмейді. |
| **Сәндік қолданбалы өнердің негізгі мәселелерін ұғынуы** | Сәндік қолданбалы өнердің негізгі ұғымдарын жақсы байланыстырады. Аргументтерді эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен тамаша негіздеу (мысалы, тарихнамалық талдау немесе | Сәндік қолданбалы өнер ұғымдарын байланыстырады. Аргументтерді эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен күшейтеді. | Сәндік қолданбалы өнердің тұжырымдамаларының шектеулі байланысы. Эмпирикалық зерттеулердің дәлелдерін шектеулі қолдану. | Сәндік қолданбалы өнермен байланысы шамалы немесе жоқ. Эмпирикалық зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбайды. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | деректанулық зерттеу, статистикалық талдау негізінде). | | | |
| **Саясат ұсынысы немесе практикалық ұсынымдар / ұсыныстар** | Сәндік қолданбалы өнер бойынша сауатты тарихи немесе практикалық ұсынымдар мен ұсыныстар ұсынады. | Сәндік қолданбалы өнері бойынша практикалық ұсынымдарды және ұсыныстарды ұсынады | Шектеулі саясат және практикалық ұсынымдар. Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз. | Саясат пен практикалық ұсынымдар аз немесе мүлдем жоқ немесе өте төмен сападағы ұсынымдар. |
| **Жазу, стилі, сауаттылығы** | Жазу айқындықты, нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді. | Жазу айқындықты, нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді. | Жазуда кейбір негізгі қателер бар және анықтықты жақсарту қажет. | Жазғаны түсініксіз, мазмұнына ілесу қиын. |

**Декан** **Байгунаков Д.С.**

**Кафедра меңгерушісі** **Жуматаев Р.С.**

**Дәріскер** **Терекбаева Ж.М.**